

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГІ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» КАФЕДРАСЫ**

Л.Н. ИСАЕВА

«САЯСАТТАНУ»

пәнінен оқу-әдістемелік нұсқау

Ақтау – 2009

УДК 32.001(072)

Құрастырушы: «Халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы Исаева Ляззат Ныгметовна. «Халықаралық қатынастар»-050202 мамандығының студенттері үшін «Саясаттану» пәнінен оқу-әдістемелік нұсқау. Ақтау, 2009.- 39 бет.

РЕЦЕНЗЕНТ:

т.ғ.к., доцент Кузутбаева Б.К

Бұл оқу-әдістемелік нұсқау саясаттану курсының студенттерде азаматтық мәдениетті қалыптастыру, саяси ғылымның зерттейтін мәселесі туралы білімдерді меңгеру негізінде саяси құбылыстар мен процестерді талдай білуге және түсінуге қабілетінің, гуманитарлық дайындығының дәрежесін көтеру барысында қолданылатын көмекші құрал ретінде жазылды. «Саясаттану» пәніне арналған оқу-әдістемелік нұсқау «Халықаралық қатынастар» мамандығы үшін құрастырылғанымен, оны осы пәнді меңгеруші барлық бағыттағы мамандықтар студенттері де пайдалана алады.

Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша басылды.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

Мазмұны

| | |
|--|----|
| Алғы сөз | |
| I. Оқу-әдістемелік ұсыныстар..... | 5 |
| II. Курстың қысқаша мазмұны..... | 7 |
| III. Әдебиеттер..... | 15 |
| IV. Өзіндік жұмыс тақырыптары..... | 16 |
| V. Емтихан сұрақтары..... | 19 |
| VI. Өзін-өзі тексеруге арналған тесттер..... | 21 |

АЛҒЫ СӨЗ

Саясаттану – саясат туралы, оның жеке адам және қоғаммен қарым-қатынасы, оның субстанционалдық институционалдық қызметтік көрінісі, саяси процестердің «технологиясы» туралы интегралдық ғылым. Саясаттану жүйелілік, құрылымдық, қызметтік, құрылымдық-қызметтік, салыстырмалы т.б. жалпығылымдық әдістерді байланыстырады.

Саяси ғылым XX ғасырдың ортасына қарай институционалданды. 1949 жылы ЮНЕСКО шеңберінде саяси ғылымның халықаралық ассоциациясы – СҒХА құрылды. Саяси ғылымның құрылымының құрамалық элементтері жүйеленді және ол ЮНЕСКО бастамасымен 1948 жылы ұйымдастырылған саяси ғылым мәселелері бойынша халықаралық коллоквиумда жарияланды. Саяси ғылым элементтерінің төрт блогы, бөлімі бар.

1. Саяси теория: саяси теория және идеялар тарихы;
2. Саяси институттар: а) конституция; б) орталық басқару; в) аймақтық және жергілікті басқару; г) жария әкімшілік; д) басқарудың экономикалық және әлеуметтік қызметтері; е) саяси институттарды салыстырмалы зерттеу.
3. партиялар, топтар және қоғамдық пікір: а) саяси партиялар; б) топтар мен бірлестіктер; в) азаматтардың басқаруға және әкімшілікке қатысуы; г) қоғамдық пікір.
4. халықаралық қатынастар: а) халықаралық саясат; б) саясат және халықаралық ұйымдар; в) халықаралық құқық.

I. Оқу-әдістемелік ұсыныстар .

1. Курстың мақсаты.

Курстың негізгі мақсаты студенттерде азаматтық мәдениетті қалыптастыру, саяси ғылымның зерттейтін мәселесі туралы білімдерді меңгеру негізінде саяси құбылыстар мен процестерді талдай білуге және түсінуге қабілетінің, гуманитарлық дайындығының дәрежесін көтеру.

Саясаттың басты мақсаты – бұл адам, қоғам және мемлекет арасындағы үйлесімділікті іздеу. Саясат – қоғам, мемлекет және әрбір азаматтың тіршілігінің негізі. Әсіресе саясаттың ролі мен маңызы қоғамның негізгі құндылықтары мен идеалдарының өзгеріске ұшыраған, өтпелі тарихи кезеңдерінде ерекше мәнге ие болады.

Мұндай түбегейлі өзгерістерді жас егемен Қазақстан Республикасы да басынан кешіруде. Қоғамның рухани және интеллектуалдық жағынан жаңарып, әлеуметтік және гуманитарлық құндылықтарын қайта қарап қалыптастыруда, саясаттану ғылымының өзектілігі даусыз.

Қазіргі қоғамның саяси шындығын шынайы түрде ашу – саясаттанудың басты мағынасы болып табылады.

2. Курстың міндеттері.

1. Саяси ғылымның ұғымдық аппаратын меңгеру.
2. Саясаттанудың теориялық және қолданбалы негіздерін, отандық және шетелдік зерттеушілердің жетістіктерін меңгеру.
3. Саяси жүйелер мен режимдер туралы, саяси процестердегі адамның орны туралы түсініктерді қалыптастыру.
4. Саяси құбылыстар мен процестердің даму бағытын талдау және болжау тәжірибесін меңгеру.
5. Саяси сипаттағы хабарлама мәліметтерге дербес баға беру мен оларды түсіну дағдыларын дамыту.
6. Демократияның мәні, құндылықтары, институттары, процедуралары туралы білімдерді қалыптастыру.

3. Жалпы гуманитарлық білімдер жүйесіндегі курстың орны.

Саясаттану курсы жалпыгуманитарлық білімдер ішінде базалық оқу пәндерінің бірі болып табылады. Саясаттану ұғымдарды түсіндіруде басқа ғылымдардың зерттеу жетістіктерін қолданады және бұл ғылымдарға өзінің теориялық және тәжірибелік зерттеулері арқылы кері ықпал етеді. Тарих, философия, құқықтану, әлеуметтану және басқа да пәндермен бірге саясаттануды болашақ мамандардың дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру процесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру керек. Саясаттануға студенттердің азаматтық санасын тәрбиелеу, оларды демократиялық құндылықтарға жақындастыру міндеттері жүктелген. Саясаттануды оқып-үйрену барысында алған білімдері жастарға қоғамның саяси саласында болып жатқан процестерді түсініп, қоғамның саяси өміріндегі өз орнын анықтауға көмектесуі тиіс.

4. Курсты меңгеру дәрежесіне қойылатын талаптар.

Саясаттану пәнін оқып-үйренген студент мыналарға қол жеткізген болуы тиіс :

- ғылымның ұғымдық-категориялық аппаратын, саяси құбылыстарды талдау жасау құралдарын, шындықты рационалды және сынай біліп-түсіну дағдыларын меңгерген болуы тиіс;
- саяси ойлардың даму тарихын және қазіргі заманғы саясаттанулық мектептер жетістіктерін білуі тиіс;
- саяси құбылыстардың мәні мен өзара байланыстарын, биліктің қызмет ету механизмін, әлемдік саясаттың табиғаты мен мәнін; саяси процестердің даму бағыттары мен сипатын түсінуі тиіс;
- саясаттың негізгі әлеуметтік және институционалдық субъектілері туралы түсініктері болуы тиіс;
- саяси жанжалдардың пайда болуы мен шешу механизмдерін білуі тиіс;
- қазіргі заманғы Қазақстан қоғамның және бүкіл әлемдегі саяси мәселелерге бағдар жасай білуі, халықаралық саясаттың табиғаты мен мәнін түсініп, білуі тиіс.

5. Өзін-өзі бақылау сипаты, аралық және қорытынды аттестациядан өту үшін қойылатын талаптар.

Өзін-өзі бақылаудың алғашқы сатысы студенттің лекциялардағы материалдарды, ұғымдар глосарийін, саяси құбылыстар мен фактілерді меңгеруін қарастырады.

Өзін-өзі бақылаудың екінші сатысында студент жазбаша түрдегі бақылау жұмысын (реферат тақырыптарының ішінен біреуін таңдауы тиіс) орындауы тиіс.

Өзін-өзі бақылаудың келесі сатысында студент меңгерген материал бойынша практикалық сабақтарда ауызша түрде жауап беруі тиіс.

Аралық бақылау тест тапсырмалары түрінде жүргізіледі. Аттестациялаудың бұл формасы қорытынды аттестацияға дайындалуда маңызды болып табылады.

Қорытында бақылау емтихан (сынақ) түрінде өткізіледі. Ол тест немесе ауызша түрде болуы мүмкін.

II. Курстың қысқаша мазмұны.

Тақырып 1. Кіріспе. Саясаттану ғылым ретінде.

Саяси нақтылық – саясаттанудың зерттеу және үйрену объектісі. Саясаттану пәні – саяси нақтылықтың негізгі белгілерінің біртұтас көріне білуі. Саясат – субъект-субъектілік қатынастар әлемі ретінде. Саясаттану теория және қолданбалы зерттеу ретінде. Адамдардың негізгі әлеуметтік мүдделерін саясатта агрегациялау. Адам – саясатты жасаушы және оны жүзеге асырушы.

Қазақстан Республикасы саяси шындық ретінде. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік процесіне басқару және билік құрылымдарын қалыптастыруға, ҚР азаматтарының өмір сүру салтының демократиялауына саяси білімдердің әсері. Саясаттану курсы оқып-үйренудің қоғамдағы саяси мәдениетті қалыптастырудағы, қоғамдық өмірді демократияландыру, өсіп келе жатқан ұрпақты саяси әлеуметтендірудегі маңызы.

Негізгі жалпығылымдық және саясаттанудың ерекше әдістері. Саяси зерттеудің ғылыми әдісі мен әдістемесі, ұғымдарының қатынасы. Саясаттанудың негізгі функциялары.

Тақырып 2. Өркениет тарихындағы саяси ойлардың даму кезеңдері.

Саяси ойлар тарихы саяси ғылымның құрамдас бөлігі, оның ролі мен маңызы.

Ежелгі дүниенің саяси ойлары. Ежелгі Шығыс–шығыс деспотиясы, патернализм, традиционализм, билікті құдай әсерімен пайда болды деп түсіну. Антикалық кезең – діни-мифологиялық көзқарастардан ұғымдық-талдау және юридикалық зерттеуге дейін. Мемлекет құрылымын талдау, оның түрлерінің жіктелуі, басқарудың ең дұрыс түрін анықтау.

Ортағасырлық саяси ойлар: араб-исламдық және батыс еуропалық. Діни қызметкерлер күшімен әлеуметтік-саяси ойлардың дамуы. Саясаттағы мемлекет пен діннің ролі. Ортағасырлық саяси ойлардың негізгі мәселесі – екі биліктің қарым-қатынасы: зиялы және діни, шіркеулік және мемлекеттік.

Жаңа еуропалық саяси ой – қайта өрлеу мен ағартудан ХХІ ғасырдағы саяси теориялар мен доктриналарға дейін. Саяси теорияның гуманитарлық даму бастаулары, оның теологиядан босауы. Адамның табиғи құқы, қоғамдық келісім туралы концепциялар, билікті бөлу қажеттілігін негіздеу, либерализм мен консерватизм концепциялары, неолиберализм мен неоконсерватизм, солшыл және оңшыл радикализм. Демократия туралы қазіргі заманғы концепциялар. Құқықтық және әлеуметтік мемлекет теориялары. Құндылықтарды талдау және демократия қызметінің механизмі.

Қазақ халқының рухани мұрасындағы саяси ойлар. Еуразиялық идеялар, Ресей мен Қазақстандағы сұрақтың тарихы мен теориясы.

Тақырып 3. Саяси билік қоғамдық қатынастар жүйесінде.

Билік құбылысы, генезисі, мәні. Биліктің телелогиялық, бихевиористік, құрылымдық, инструменталистік анықтамалары. Биліктің жүйелік және реляционистік концепциялары. Биліктің жалпы белгілері мен элементтері. Биліктің негіздері мен ресурстары. Билікті объективтілеу: биліктің рухани

көріністері мен биліктің материалдық құралдары.

Қоғам және билік. Билік қатынас ретінде. Билік қатынастарының субъективті-объективті аспектілері. Үстемдік және оның түрлері. Билікті персонификациялау мен фетишизациялау. Билік құрылымындағы психологиялық, гносеологиялық, ұйымдастыру және саяси аспектілер. Биліктің мақсаты, әдісі. Саяси билік жүйесі. Оның мазмұны мен функциялары. Саяси биліктің жүйелерінің негізгі элементтері: ұйымдар, нормалар, доктриналар. Билікті жіктеу: функциялық облыстары, билік субъектісі, шешім қабылдау шеңбері бойынша. Мемлекеттік билік қоғамның өмір сүруінің оптималдық режимі ретінде. Билікті ұсыну (делегациялау) мәселесі және билікті бөлу. Билік принциптері. Биліктің заңдылық деңгейі: ашықтығы (легализация) және заңдылығы (легитимация). Тарихи ретроспективадағы биліктің эволюциялық типтері. Билік формалары және басқару түрлері: монархия және республика, оның түрлері: мемлекеттік құрылыстар: унитарлық, федеративтік, конфедеративтік.

Билік саяси режимдерде: тоталитарлық, авторитарлық, либералды-демократиялық. Квалификация негіздері. Тоталитаризмнен демократияға өту. Билік құқық, мораль, тарихи модификациялары мен өзіндік қарым-қатынастары. Билік қазіргі әлемдік даму контексінде.

Тақырып 4. Демократия – қоғамның саяси өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде.

Демократия ұғымы. Демократияны нормалық және тәжірибелік тұрғыдан қарастыру. Полархия. Демократияның ерекше белгілері және түрлері. Демократиялық мемлекеттің нысандары. Саяси және әлеуметтік демократия. Ежелгі және ортағасырлық демократия. Афины демократиясы.

Қазіргі заманғы демократия. Классикалық либерализм демократиясы, оның ерекше белгілері, әлсіз жақтары. Ұжымдық демократия. Руссо концепциясы. «Социалистік демократия» теориясы және оның белгілері, сабақтары. Плебисцитарлық партиялық демократия теориясы. Плуралистік демократия, ерекшеліктері, кемшіліктері. Топ саясаттың субъектісі ретінде. Репрезентативті және партиципаторлық демократия.

Демократияға өту. Демократияның құндылық және ақылға сыйымды-тәжірибелік негіздемелері. Демократияның артықшылықтары.

Демкоартияландырудың экономикалық, әлеуметтік, мәдени, сыртқы саяси алғы шарттары. Демократияландырудың жалпы үлгілері, заңдылықтары, өту жолдары.

Тақырып 5. Қазіргі заманғы саяси жүйелер.

Саяси жүйе түсінігі, оның құрылымы мен элементтері, қызметі, нормалық негізі.

Саяси жүйелер типологиясы. Саяси жүйелердің құрылуының және дамуының детерминанттары. Құндылықтар жүйесі саяси жүйелердің классификациясының белгісі (критерий) ретінде. Автократия және демократия.

Қазіргі заманғы негізгі саяси жүйелер, оларды салыстырмалы талдау.

Тақырып 6. Мемлекет және азаматтық қоғам.

Мемлекет: ұғым тарихы және оны зерттеу әдістері. әлемдік саясаттану қоғам өміріндегі мемлекеттің пайда болуы туралы. Мемлекеттің пайда болуының негізгі концепциялары: теологиялық және патриархалдық, қоғамдық келісім теориясы (Гоббс, Ж.Ж.Руссо), «күш көрсету теориясы» (Гумпилович Л.), марксистік.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің универсалды және негізгі институты ретінде. Оның басқа саяси институттардан – саяси ұйымдар мен қозғалыстардан айырмашылығы. Мемлекет белгілері: жария билік, егемендік, жалпылық, аумақ, тұрғындары, мемлекеттік аппарат, салық жинау құқығы.

Мемлекет функциясының классификациясы. Әр түрлі елдердегі оларды жүзеге асырудың ерекшеліктері. Либерализм, плюрализм, марксизм, анархизм және кейнсиандық қоғамдағы мемлекет ролі туралы. Саяси мәселерді шешу – мемлекеттің қызметінің ең қиын әрі жауапты сферасы. Қазіргі әлемдегі мемлекет эволюциясының тенденциясы. Қазіргі сайлау жүйесі, әлемдік тәжірибедегі сайлау. Мемлекеттік басқару органдары. Мемлекеттік аппараттың ролі мен функциясы. Қазіргі заманғы мемлекеттің негізгі функциялары.

«Билікті бөлшектеудегі» заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесінің өзара қарым-қатынасы. Құқықтық мемлекет және қоғамдағы ролі. Құқықтық мемлекет: пайда болу тарихы мен қазіргі зерттеу бағыттары. Демократиялық мәні мен принциптері. Құқықтық мемлекетті ұйымдастыру, негізгі белгілері және критерийлері. ҚР-нда құқықты мемлекеттің қалыптасу мәселесі.

Азаматтық қоғам – қазіргі саяси ғылымның негізгі түсініктерінің бірі. Азаматтық қоғам – мәселенің тарихы, мәні және ұғым мазмұны, экономикалық негізі және саяси критерийлері. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара байланыс диалектикасы.

Азаматтық қоғамның қызмет ету және өзіндік дамуының шарты: демократиялық мемлекеттік құрылымдардың болуы, жалпыға ортақ нормалар (ережелер) мен процедураларды, заңдарды мемлекеттің қатаң ұстануы; қоғамда әр алуан дамыған әлеуметтік құрылымдардың болуы; тұлғаның әлеуметтік, интеллектуалдық, психологиялық дамуының жоғарғы деңгейі; сондай-ақ мәдениеттің және саяси мәдениеттің жоғарғы деңгейі.

Тақырып 7. Саяси партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар және қозғалыстар.

Партия туралы түсінік және оның функциялары. Саяси партия және партия жүйесінің генезисі. Партиялық ұйымдардың негізгі тарихи формалары. Саяси партиялардың құқықтық институционализациясы. Жіктеу өлшемдері және партия типологиясы. Парламенттегі саяси партиялар

Партия жүйесі туралы түсінік. Партиялық жүйелердің даму тарихы, типологиясы, қызметі. Батыстағы партиялық жүйелер. Қазақстандағы саяси плюрализмге ауысу: тенденциялар мен мәселелері.

Қоғамдық-саяси қозғалыстар, түрлері мен функциялары. ҚР-да қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстардың қалыптасуы.

Тақырып 8. Саясат субъектілері: тұлға, әлеуметтік топтар, әлеуметтік бірлестіктер.

Саясат субъектілері, олардың билік жүйесіндегі орны мен ролі. Тұлға – саясат субъектілерінің бастапқысы. Тұлғаның саяси субъектілігінің жағдайы. Адам құқығының концепциясы.

Әлеуметтік-таптық дифференциация және қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік құрылымның даму тенденциясы мен саясаттың жаңа субъектілерінің қалыптасуы.

Әлеуметтік-этникалық бірлестіктер саясаттың субъектісі мен объектісі ретінде. Қазақстан Республикасындағы ұлттық-мемлекеттік жағдайының ерекшеліктері және ұлттық саясаттың негізгі бағыттары.

Тақырып 9. Саяси элита және саяси жекетшілік.

Элита түсінігі. Билеуші элита және оның элементтері. Элита теориялары. Г.Моска. В.Парето. Р.Михельс. Демократиялық элитизм концепциясы, оның принциптері. Саяси элитаны тудырушы факторлар. Элита функциялары.

Элитаның негізгі типтері. Саяси элита іріктеу (рекруттау): гильдия және антрепренерлік жүйелері. Олардың жағымды және жағымсыз жақтары.

Саяси ойлардағы жетекші ұғымы. Саяси жетекшінің аспектілері, компоненттері, ерекшеліктері. Саяси жетекшіліктің шығуы туралы теориялар. Саяси жетекшінің функциялары, типтері. М.Вебердің жетекшінің легитимдігінің типологиясы. Жетекші стильдерінің түрлері.

Тақырып 10. Саяси сана және саяси идеология.

Саяси сана түсінігі, қызметтері, құрылымы (саяси идеология, саяси психология, саяси мінез-құлық). Саяси сананың түрлері: қарапайым, кәсіби, ғылыми, мемлекеттік. Саяси сананың деңгейлері: жеке дара, топтық, бұқаралық, қоғамдық.

Идеология түсінігі және оның негізгі теориялары мен бағыттары: марксистік, аксиологиялық, психологиялық, социологиялық. «Идеологиясыздандыру» және «қайта идеологиялану» концепциялары, батыс марксизмінің Франкфурттық мектебінің өкілдері. Идеология – құндылықтар жүйесі ретінде. Идеологияның қызметі және деңгейлері.

Қазіргі заманғы саяси идеологияның негізгі түрлері: либерализм және неолиберализм, консерватизм және неоконсерватизм, социал-демократия, коммунизм, фашизм. Олардың принциптері мен түрлері.

Тақырып 11. Саяси мәдениет пен саяси әлеуметтену.

Саяси мәдениетті зерттеудегі әр түрлі бағыттар мен әдістер (Т.Парсонс, Д.Истон, Г.Алмонд, С.Верба, Л.Пай, Р.Такер, С.Липсет, В.Розенбаум). Саяси мәдениеттің ұғымы, мәні, құрылымдық бөлшектері мен функциялары, оның ұлттық мәдениетпен, әлеуметтік-мәдени, ұлттық-тарихи, діни, ұлттық-психологиялық дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен байланысы. Қоғамның, әлеуметтік қауымдастықтың және тұлғаның саяси мәдениеті, олардың ерекшеліктері мен өзара әрекеті және саяси жүйенің қызметіне тигізетін әсері. Саяси мәдениеттің типтері. Қоғамның саяси мәдениеті мен саяси

субмәдениеттерінің ара қатынасы. Қазақстандық саяси мәдениеттің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасында демократиялық саяси мәдениетті қалыптастыру мен даму мәселелері.

Саяси әлеуметтену индивидтің әлеуметтік-саяси ілімдерді, нормаларды, құндылықтар мен іс-әрекет дағдыларын, саяси қатынасуды игеру процесі ретінде. саяси әлеуметтену мәселесін зерттеудегі әр түрлі бағыттар және олардың саяси тәжірибемен байланысы. Саяси әлеуметсіздену мәселелері. Саяси әлеуметтенудің мақсаты мен міндеттері, оның объективті және субъективті мінездемесі. Адамның саясат саласына ену сатылары, кезеңдері. Саяси психоанализ: тұлғаның саяси әлеуметтенуіндегі санасыздық механизмі. Саяси әлеуметтену формалары. Бірінші және қосалқы, вертикальдық және горизонтальдық саяси әлеуметтену. Саяси әлеуметтену институттары.

Қазіргі жағдайдағы Қазақстан Республикасындағы тұлғаның саяси әлеуметтенуі, оның ерекшеліктері.

Тақырып 12. Саяси жанжалдар мен дағдарыстар.

Әлеуметтік жанжалдың жалпы сипаттамасы. Жанжалды зерттеудегі негізгі екі бағыт, жанжал туралы теориялар. Жанжалдың тақырыбы, объектісі, субъектісі. Әлеуметтік жанжалдардың түрлері.

Саяси жанжал ұғымы, оның ерекшелігі. Әлеуметтік және саяси жанжалды анықтаудың тәсілдері: ресурстық, құндылықтық, биологиялық, әлеуметтік-биологиялық, психологиялық. Саяси жанжалдар мен қайшылықтар.

Саяси жанжалдың типологиясы. Саяси дағдарыс және оның типтері.

Этносаяси жанжалдар. Этносаяси жанжалдардың себептерін және мәнін түсіндірудің негізгі тәсілдері. Этникалық жанжалдардың саяси жанжалдарға ұласуы. Ұлтшылдық идеология ретінде. Этникалық жанжалдардың себептері. Бұрынғы КСРО аумағындағы этносаяси жанжалдар.

Саяси жанжал процесс ретінде. Саяси жанжалдың дамуының негізгі кезеңдері және оларды шешу шарттары мен жолдары.

Тақырып 13. Саяси даму және модернизация.

Саяси даму мен модернизацияның мәні. Қоғамдық дамудың дәстүрлі және қазіргі түрлері. Саяси модернизация теориясы. Дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға өту жолдары. Құрылымдық модернизация: қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси т.б. институттар жүйесінің қалыптасуы ретінде. Азаматтық модернизация: азаматтылық, азаматтық құқықтар құрылымының қалыптасуы ретінде. Саяси қатысу: азаматтық принцип ретінде азаматтардың қоғамның саяси өміріне белсене араласуы. Модернизация кезіндегі қазіргі жаңа адамның қалыптасу түрлері.

Саяси модернизацияның қалыптасу кезеңдері. Модернизацияның сызықтық теориясы. Модернизацияның «қуалай даму» тәсілі. Саяси модернизация туралы көзқарастар.

Қоғам мен саяси жүйені модернизациялау жолдары. Либералдық көзқарас. Консервативтік көзқарастар. Индустриальды және постиндустриальды даму жолдары. Авторитарлық тәртіптен демократиялық тәртіпке өту жолдары.

Тақырып 14. Сайлау және сайлау жүйелері.

Сайлау және сайлау жүйесі ұғымдары. Сайлау құқығы. Сайлаудың қызметтері. Сайлау принциптері: сайлау құқығының демократиялық принциптері және сайлауды демократиялық ұймыдастырудың жалпы принциптері.

Сайлау процесінің кезеңдері: дайындық кезеңі, үміткерлерді ұсыну, үгіт-насихат науқаны, дауыс беру және сайлау қорытындыларын шығару. Сайлау процедурасы. Саяси маркетинг. Сайлау науқанын өткізу құралдар. Дауыс беру әдістері.

Сайлау жүйесінің типтері. Мажоритарлық сайлау жүйесі: абсолютті көпшілік және салыстырмалы көпшілік. Пропорционалдық сайлау жүйесі. Сайлау жүйелері артықшылықтары мен кемшіліктері.

Тақырып 15. Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық қатынастар.

Егеменді Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде.

Әлеуметтік-саяси ой тарихындағы халықаралық қатынастар. Халықаралық қатынастардың объектісі мен пәні.

Әлемдік саясат, түсінігі, мазмұны. Халықаралық қатынастар, даму тенденциялары. Халықаралық қатынастардағы ұлттық мүдде.

Сыртқы саясат, оның ішкі саясаттан ерекшеліктері. Сыртқы саясаттағы мемлекеттің ролі. Геосаясат түсінігі. Халықаралық қауіпсіздік. Қазақстанның халықаралық саясатқа араласуы. Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде. Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттары. Қазақстан дипломатиясы, қалыптасуы және дамуы. ХХІ ғ. халықаралық қатынастардың дамуы жағдайын болжау.

Семинар сабақтары.

Тақырып 1. Саясат табиғаты. Саясаттанудың негізгі парадигмалары.

1. Саясаттану пәні, тәсілдері және функциялары. Саясаттанудың әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны.
2. Саясаттанудың негізгі парадигмалары.
3. Саясаттың пайда болуы және табиғаты, оның қоғам өмірінің басқа салаларымен өзара байланысы.

Тақырып 2. Саяси ойлар тарихы.

1. Ежелгі Шығыстағы - шығыс деспотиясы, патернализм, традиционализм. Антикалық кезеңдегі - діни-мифологиялық бағыт.
2. Орта ғасырлық саяси ойлардың негізгі сұрағы – екі биліктің қарым-қатынасы: зиялы және діни, шіркеулік және мемлекеттік.
3. Жаңа заман – XIX ғ. аралығындағы саяси ойлардағы негізгі бағыттар.
4. Қазіргі Қазақстандағы саяси көзқарастар.

Тақырып 3 . Билік пен саяси режимдер.

1. Билік – қоғамдық құбылыс ретінде. Биліктің генезисі, мәні, концепциялары.
2. Саяси билік жүйесі. Саяси биліктің негізгі элементтері мен принциптері.
3. Мемлекеттік билік және саяси режим. Саяси режимнің түрлері. Демократиялық саяси режим.

Тақырып 4. Демократия теориясы. Тарихы мен қазіргі жағдайы.

1. Демократияның мәні, оған тән қасиеттері және құндылықтары.
2. Демократия тұсында қоғамдық өмірді ұйымдастыру жүйесі мен билікті жүзеге асырудың түрлері.
3. Демократияның дамуының негізгі тарихи кезеңдері.
4. Қазақстан қоғамын демократияландыру мәселелері.

Тақырып 5. Саяси жүйелерді салыстырмалы талдаулар.

1. Саяси жүйе ұғымы.
2. Саяси жүйенің классификациясы мен оның критерийлері.
3. Саяси жүйелерді салыстырмалы талдаудың мәні.

Тақырып 6. Қазақстан көп ұлтты мемлекет ретінде.

1. Ұлттық мемлекеттік құрылыс формасы.
2. Ұлтаралық қатынастардағы саяси мәселелер.
3. Қоғамның саяси өміріндегі дінің орны.

Тақырып 7. Саяси партиялар, партия жүйелері, қоғамдық-саяси қозғалыстар.

1. Саяси партиялардағы жіктеу өлшемдері және партия типологиясы. Парламенттегі саяси партиялар.
2. Партия жүйесі туралы түсінік. Батыстағы партиялық жүйелер.
3. Қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар, олардың қызметтері.

Тақырып 8. Саясат субъектілері: тұлға, әлеуметтік топтар, әлеуметтік-этникалық бірлестіктер.

1. Саясат субъектілері, олардың билік жүйесіндегі орны мен ролі.
2. ҚР-дағы әлеуметтік құрылымның даму тенденциясы мен саясаттың жаңа субъектілерінің қалыптасуы.

3. ҚР-дағы ұлттық-мемлекеттік жағдайының ерекшеліктері және ұлттық саясаттың негізгі бағыттары.

Тақырып 9. Саяси элита. Саяси лидерлік.

1. Элита түсінігі. Элитаның функциясы мен типологиясы.
2. Саяси лидерлік концепциясы.
3. Саяси лидерлік және қазіргі замандағы Қазақстандағы билеуші элита.

Тақырып 10. Қазіргі заманғы негізгі идеологиялық ағымдар.

1. Дін және идеология.
2. Қазіргі заманғы негізгі саяси идеологиялар: либерализм, консерватизм, социализм.
3. Қазақстан қоғамын реформалаудың идеологиялық факторы.

Тақырып 11. Саяси мәдениет пен саяси әлеуметтену.

1. Саяси мәдениетті зерттеудегі әртүрлі бағыттар мен әдістер (Парсонс, Истон Д., Алмонд Г., Верба С., Пай Л., Такер Р., Липсет С., Розенбаум В.).
2. Қоғамның саяси мәдениеті мен саяси субмәдениеттерінің ара қатынасы.
3. Саяси әлеуметтенудің мақсаты мен міндеттері, оның объективті және субъективті мінездемесі.
4. Қазіргі жағдайдағы ҚР-дағы тұлғаның саяси әлеуметтенуі, оның ерекшеліктері.

Тақырып 12. Саясаттағы жанжалды және дағдарысты жағдайлар.

1. Жанжалдар мен дағдарыстар әлеуметтік құбылыс ретінде, олардың типологиясы.
2. Саяси жанжалдар мен дағдарыстар: мәні, оларды реттеудің әдістері мен түрлері.
3. Этносаяси жанжалдар.

Тақырып 13. Саяси процесс. Саяси модернизация.

1. Саяси процесс, саяси іс-әрекет, саяси шешімдері.
2. Модернизация теориясы. Қазақстандағы модернизация процесі.

Тақырып 14. Сайлау жүйесі.

1. Демократиялық сайлаудың принциптері.
2. Тоталитарлық, авторитарлық және өтпелі қоғамдағы сайлау.
3. Саяси жүйесінің негізгі түрлері.
4. Қазақстандағы сайлау жүйесі.

Тақырып 15. Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде. ҚР сыртқы саясатының басым бағыттары.

1. XX ғ. екінші жартысындағы халықаралық тәртіп, жүйелер күресі.
2. КСРО-ның құлауы және халықаралық саясатта күштер қатынастарының өзгерістері.
3. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуы, әлемдік қауымдастықта оның мойындалуы. ҚР-ның сыртқы саясаттағы басым бағыттары.

III. Әдебиеттер:

1. Белов Г.А. Политология: Курс лекций. М., Че Ро, 1997. 302,(2)с.
2. Бжезинский З. Великая шахматная доска. М., Международные отношения, 1998.
3. Бижанов А.Х. Республика Казахстан: Демократическая модернизация общества переходного периода. А., Онер. 1997.
4. Бродель Ф. Время мира. М., Прогресс, 1998.
5. Бурханов К.Н., Карин Е.Т., Сатпаев Д.А., Давыдова М.М. Экстремизм в Центральной Азии: Институт России и Китая. А., 2000.
6. Введение в политологию: словарь-справочник / Под ред. В.П.Пугачева. М., Аспект Пресс. 1996. – 262, (2)с.
7. Гаджиев К.С. Введение в политическую науку: (Учебник для высш.учеб.завед.) / Институт «Открытое общество».- (2-е изд., перераб. и доп.). М., Издательская корпорация. «Логос». 1997.-504, (4)с.
8. Джунусова Ж.Х., Булуктаев Ю.О., Козелецкая Г.В. Политология: Курс лекций. А., ИПК. 1998. -138 с.
9. Казахстанская политологическая энциклопедия / Центр политических исследований: КазГНУ им. Аль-Фараби, кафедра политологии. А., Қазақстан даму институты, 1998. - 447 с.
10. Кушербаев К.Е. Этнополитика Казахстана: состояние, перспективы. А., 1996.
11. Лаумулин М.Т. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология. А., 2000.
12. Мангейм Д.Б., Рич Р.К. Политология: методы исследования: Пер. с англ. М., Весь мир. 1999. – 542 (2) с.
13. Мухаев Р.Т. Политология. Учебник для вузов. М., ПРИОР. 1997. – 363, (1)с.
14. Основы политологии: реферат академ. пособ. «Наука о политике»: Пер. с польск. / Под ред. А.Боднара. Варшава. 1998. – Изд. 2-е перераб. и доп. М., (Б.и.), 1990- 75с.
15. Панарин А.С. Политология: Учебник / МГУ им. М.В.Ломоносова. – М., Проспект. 1998 – 407 (1) с. 17.
16. Политическая наука: новые направления / Под ред. Р.Гудина и Х.Д.Клингеманна. Науч. ред. Е.Б.Шестопал. М., Вече. 1999. – 814, (2) с.- (Институт «Открытое общество»).
17. Политология: Учебник / Мин. образ. РК. КазГАУ; (Под ред. Л.А.Байдельдинов). А., Экономика. 1997.- 158, (1) с.
18. Политология: Энциклопедический словарь / (Общ.ред. и сост.Ю.И.Аверьянова). М., (Изд. Москов. коммерч.унив.) .1993. – 431 (2) с.
19. Политология: Учеб. для вузов / Мин.образ. культуры и здравоохранения РК. (Под общ.ред.А.Н.Нысанбаева).А., Ақыл кітабы. 1998- 367(1) с.
20. Политология: Курс лекций / МГУ им. М.В.Ломоносова. Под ред.М.Н.Марченко. Изд 3-е, прераб., и доп. М., Зерцало. 1999. – 446 (2) с.
21. В.П.Пугачев, А.И.Соловьев. Введение в политологию: Учеб. пособ.для студ.вузов. – Изд.3-е. перераб. и доп. М., Аспект Пресс. 1999.-599 (2)с.
22. Тасмаганбетов И.Н. Социально-политическое обновление Казахстана. Тенденции и перспективы. А., 1996.

23. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. А., 2000.
24. Цыганков П.А. Международные отношения: Учебное пособие. М., Новая школа. 1996. – 317 (1) с. – (Институт «Открытое общество»).
25. Чанышев А.А. История политических учений. Классическая западная традиция. М., МГИМО. 2000.

IV. Өзіндік жұмыс тақырыптары (реферат не бақылау жұмысы түрінде).

Тақырып 1. Саясаттану ғылым ретінде.

1. Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі саясаттанудың орны.
2. Саясаттану дамуының негізгі кезеңдері.
3. Саясаттанудағы ұлттық мектептер.
4. Саясаттану пәні және функциялары.
5. Саяси ғылымның құрылымы.
6. Саясаттанудың негізгі зерттеу әдістері.

Тақырып 2. Өркениет тарихындағы саяси ойлардың даму кезеңдері.

1. Платон және Аристотель ізгілікті мемлекет туралы.
2. Европалық орта ғасырдағы мемлекеттің теологиялық концепциялары.
3. Саясаттағы макиавеллизм.
4. Саяси ойлар тарихындағы саясат пен моральдың ара қатынасы туралы мәселе.
5. Батыстың демократиялық дәстүрінің қалыптасуындағы «табиғи құқық» мектебінің ролі.
6. Жаңа дәуірдің саяси жобаларындағы «теңдік-бостандық» дилеммасы.
7. Құқықтық мемлекет концепциясының дамуы.
8. XIX ғасырдағы социалистік ой.
9. XIX ғасырдағы европалық либерализм.
10. Европалық консерватизм саяси ойының даму тарихы.
11. Қазақ даласындағы саяси ойлардың дамуы.

Тақырып 3. Саяси билік қоғамдық қатынастар жүйесінде.

1. Билік саяси қызмет мақсаты ретінде.
2. Психологиялық концепциясындағы билік мәселесі.
3. Бюрократия және билік.
4. Қоғамдағы ақпараттық биліктің ролі.
5. Саясаттағы лоббизм механизмі.
6. Х.Аренд тоталитаризм себептері туралы.
7. Тоталитарлық режимдегі жалпы және ерекше.
8. Тоталитаризмнің әлеуметтік базасы.
9. Тоталитаризм мен авторитаризмді салыстырмалы талдау.
10. Қазіргі кезеңдегі авторитарлық режим формалары.
11. Авторитаризмнің пайда болуының себептері мен шарттары.
12. Билік психологиясы мен мәдениеті.
13. Биліктің легитимдігі ұғымы, оның типологиясы.
14. Билік пен азаматтық қоғам.
15. Тоталитаризмнен демократияға өту.

16. Қазақстан Республикасы мемлекетінің билік жүйесі. Мазмұны мен мәселелері.

Тақырып 4. Демократия – қоғамның саяси өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде.

1. Демократиялық және тоталитарлық саяси жүйелерді салыстырмалы талдау.
2. Демократиялық құндылықтардың тарихи дамуы.
3. Саяси плюрализмнің мәні.
4. Демократиялық қоғам өміріндегі оппозицияның ролі.
5. Халық билігі жүйесіндегі референдум.
6. Демократия ұғымы мен өлшемі.
7. Ежелгі және ортағасырлық демократия.
8. Демократияның жаңа концепциялары.
9. Демократияға өту. Алғы шарты мен жолдары.

Тақырып 5. Қазіргі заманғы саяси жүйелер.

1. Саясатты зерттеудің жүйелілік әдістемесінің мәні.
2. Саяси жүйе және оның қоғам үшін маңызы.
3. Саяси жүйенің қызметтері.
4. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі.
5. Қазақстан Республикасы мен басқа елдердің саяси жүйесіне салыстырмалы талдау жасау.

Тақырып 6. Мемлекет және азаматтық қоғам.

1. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні туралы марксистік концепция.
2. Монархия институты: өткені мен бүгінгісі.
3. Қазіргі кезеңдегі президенттік институты.
4. Теория мен тәжірибедегі биліктің бөлінуі.
5. Парламент және парламентаризм.
6. Қазіргі кезеңдегі федерализм модельдері.
7. Қазіргі заманғы әлеуметтік мемлекет.
8. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара қатынасының тәжірибесі.
9. Құқықтық мемлекет: теориясы мен іс-тәжірибесі.
10. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанда құқықтық мемлекетті қалыптастыру мәселелері.
11. Қазақстандағы мұсылман діні.
12. Православиялық шіркеудің қоғамды біріктірудегі ролі.

Тақырып 7. Саяси партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар және қозғалыстар.

1. Саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы.
2. Тоталитарлық және демократиялық саяси жүйелердегі партиялардың орны.
3. Қазіргі заманғы партиялардың дамуының жалпы үрдістері.
4. М. Дюверженің партиялар типологиясы.
5. Партиялар бағдарламаларындағы идеология.
